ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ШИЕЛІ АУДАНЫ
ТАРТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ШИЕЛИЙСКИЙ РАЙОН
АКИМ
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ТАРТОГАЙ

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

«15» марта 2025 ж/г № 55

Тартоғай ауылы село Тартогай

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі - Заң) 16 – бабының 4, 5, 6 тармақтарына сәйкес және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 506, 507, 508 және 509 тармақтары негізінде **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Тартоғай ауылдық округі, Тартоғай ауылындағы ұзындығы 500м автомобиль жолдарын күрделі жөндеу жұмыстары мен материалдарының сапасын сараптаубойынша “Жол активтері сапасының ұлттық орталығы” ШЖҚ РМК (БСН 190540022580) мекемесімен мемлекеттік сатып алу жүргізілсін.

2. Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, «Тартоғай ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қаржы саласы жөніндегі (есепші) бас маманы Алсейтова Акмарал Алтынбаевна тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы болып тағайындалсын.

3. Осы өкім орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

4. Осы өкім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Тартоғай ауылдық округінің әкімі **А.Ахметов**